

**ӘЛЕМДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ
ОРНАЛАСУЫ
ҚОНЫСТАНДЫРУДЫҢ
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФОРМАЛАРЫ**

Жоспар:

- ▣ Халық тығыздығы
- ▣ Халықтың қоныстануы. Халықтың ауылдық және қалалық болып елді мекен құру ерекшеліктері
- ▣ Ауылдық мекендердің географиясы

Халық тығыздығы

- *Халық тығыздығы деп территорияның қоныстану дәрежесі, халықтың территориядағы 1 км² аумағына келетін тұрақты санын атайды.*
- Қоныстанудың ұзақ процесі мен Жердегі ұзақ шаруашылықтың игерілуі жеке райондардағы нақты табиғи, тарихи және экономикалық шарттарына тығыз байланысты. Халықтың қоныстануы мен тығыздық көрсеткіштеріне халықтың жалпы демографиялық айырмашылықтары көп ықпалын тигізді.
- Қоныстанған құрлықтағы (ойкумен) халықтың орта тығыздығы шамамен 40 адам/км² сәйкес келеді. Олай болатын болса, адамдардың шамамен 70%-ы жер құрлығының 7%-да тұрады да, ал өмір сүруге болатын құрлықтың жартысы шамамен халық қоныстануының 5адам/км²–қа сәйкес келеді.
- Адамдардың аяғы бірде рет басылмаған құрлықтардың әлем бойынша үлесі 15 %-ға келеді, олар: поляр қасындағы аумақтар, шөлді жерлер мен биік таулар жоталары болып табылады. Бұл жерлер табиғи шарттары бойынша адам өміріне өте экстремалды болып келген. Әрине, адамдардың көп бөлігі өмірге қолайлы және табиғи шарттары қалыпты, шаруашылық ұйымдастыруға да тиімді жерлерге шоғырланған: қоңыржай, субтропикалық және субэкваториалды белдеулердің қастарында, теңіз деңгейінен 500 м болатын ойпаттар мен жазықтықтарда және теңіздер мен мұхиттар айналысынан шамамен 200 км жерлерде таралған. Халықтың тек 10%-ы ғана тау жоталарында (теңіз деңгейінен 1000 м биіктікте) және ішкіконтиненталдық кеңістіктерде (жиектерден 1000 км жерлерде) өмір сүреді.
- Егер де халықтың біркелкі емес қоныстануының географиялық мысалдарын жалғастыра берсек, онда мынаны айтып кету керек: Оңтүстік жарты шарында халықтың жалпы 86%-ы шоғырланған, ал Солтүстік жарты шарында халықтың 90%-ы шоғырланған екен. Еуропа мен Азия елдеріндегі халықтың қоныстануы ірі региондар ішіндегі ең ірілері болып табылады-әлемдегі халықтың орта тығыздық көрсеткішінен шамамен 3есе үлкен (100 адам/км²–дан аса), ал Америкада ол көрсеткіш 2есе кіші болса, Австралия мен Океания елдерінде 10 есе кіші болады.

Қазақстан Республикасы халқының санының өсу қарқыны

Жылдар	Халықтың барлық саны			Барлық халық санындағы үлесі, %	
	барлығы	қала	ауыл	Қала	Ауыл
2000					
2001	14901641	8397566	6504075	56,3	43,7
	14865610	8413399	6452211	56,5	43,5
2002	14851059	8429331	6421728	57	43
2003	14866837	8457152	6409685	57	43
2004	14951200	8518242	6432958	57	43
2005	15074767	8614651	6460116	57	43
2006	15219291	8696520	6522771	57	43
2007	15396878	8833249	6563629	57,3	42,7
2008	15571506	8265935	7305571	53	47

- Әлемнің жекеленген елдері ішінде халықтың қоныстануы көбінесе ергежейлі мемлекеттер ішінде аса үлкен дәрежеде болады. Мысалы, Монако мемлекетінде ол көрсеткіш 15,5 мыңнан тұрса, Сингапурда 4,5 адам/км²–қа сәйкес келеді. Ірі елдердің ішінде ол көрсеткіш көбінесе Бангладеш елінде – 800 адам/км²-ден асады. Әлемдегі ірі қалалардың орта тығыздығы мынаған тең: Қытай – 125 (таулы жоталарды санамағанда – 200), Үндістан – 300, АҚШ – 27 адам/км².
- Әлемдегі халықтың тығыздық картасында анық түрде жоғары тығыздықтың бес негізгі ареалы еркшелініп бөлінеді. Алғашқы үшеуі Азияда орналасқан. Еі ірі ареал – Шығыс Азияда (Қытай, Корей Республикасы, Жапония және ҚХДР). Орта тығыздық жалпы орын түрде (таулы жоталарынан басқасы) 200 адам/км²–нан асады, ал Янцзы жазығында, Корея мен Жапония Республикасында 300 адам/км²–асады. Мұнда 1,5 млрд адам шамасында тұрады.
- Халықтың екінші ірі топтасуы-Оңтүстік Азияда (Үндістан, Бангладеш, Пакистан, Шри-Ланка), оның орта тығыздығы шамамен 300 адам/км²–ға сәйкес келіп, оның көп дәрежедегі қоныстануы Ганг пен Брахмапутра жазықтығына сәйкес келді – 500 адам/км² шамасында. Бұл жерлердегі халық саны шамамен 1 млрд адамға сәйкес келеді.
- Үшінші ареал – Азияның оңтүстік-шығыс жағы (Индонезия, Таиланд, Филиппин). Оның халығы шамамен 300 млн адамнан тұрады.
- Төртінші ареал – батысеуропалық (Ұлыбритания, Бенилюкс, Францияның солтүстігі, Германия), оның орта тығыздығы 200 адам/км² шамасында.
- Қоныстанудың бесінші ірі топталуы АҚШ мемлекетінің солтүстік-шығысында және Канаданың оңтүстік-шығысы мен Атлант жиегі мен Ұлы көлдері аралығында таралған.
- Егер де тығыздықтың осы үлкен сандық көрсеткіштерін Ресейдегі көрсеткіштермен салыстыратын болсақ, онда осы сандық көрсеткіштер Ресейдің тек Мәскеу аумағында (Мәскеу мен Мәскеу облысы) ғана кездеседі, оның халық тығыздығы 300 адам/км² шамасында, ал орта деңгейде қоныстанған Орталық экономикалық районында ол көрсеткіш 60 адам/км² шамасына тең. Жалпы түрде Ресей аумағында халық тығыздығы 8.4 адам/км² (ауылды жерлерде – 2.3) шамасына тең.
- Ресейдегі халық тығыздығының картасы Ресей аумағындағы батыс шекаралардан Тынық мұхитына қарай халық тығыздығының тарлану процесін анық түрде көрсетеді: Орталық Ресейден Поволжье, Орталық және Оңтүстік Орал, Батыс пен Шығыс Сібірдің оңтүстігінен Алыс Шығыстың оңтүстігіне дейін, негізінде Транссібірлік магистраль бойымен келеді. Осы халық қоныстануының негізгі магистралінен қосымша басқа жақтарында қоныстанудың көп топталуы Кавказдың солтүстік бөлігінде де кездесе береді (көбінесе оның батыс жақтарында). Табиғи жақтан қарайтын болсақ, негізгі магистраль жолы далалық, дала-орманды зоналар мен тайганың оңтүстік региондарына сәйкес келеді. Бұл зоналар көбінесе ауыл шаруашылығымен айналысуға қолайлы, біздің халық осы жерлерде баяғыдан бері тұрып, халық шаруашылығымен баяғы заманнан бастап айналысуда. Негізгі магистраль шекараларында жалпы қоныстану әлем бойынша халықтың 2/3-не сәйкес келеді.

Халықтың қоныстануы. Халықтың ауылдық және қалалық болып елді мекен құру ерекшеліктері

- «Қоныстану» термині күрделі болып табылады және мәні бойынша біріншіден, халық орналасуының тарихи процесін көрсететін болса, екінші жағынан халықтың көші-қон процесін де білдіруі мүмкін. Сонымен қатар ол халықтың жалпы бір территорияны басып алу немесе қоғамдағы жалпы ұйымдардың кеңістік формаларын да білдіруі мүмкін.
- *Халықтың қоныстануы – халықтанған пункттері бойынша белгіленген территориялардың халықпен толық қамтылу процесін атайды. Әлемдегі түк болмаса бір адаммен болса да қоныстандырылған жер халықтанған немесе қоныстандырылған пункт деп аталады.*
- Егер баяғыда қоныстану қосымша болып, өндірістің динамикалық өзгертпелі географиясынан кейін тұратын болса, қазіргі кезде көбінесе дамыған елдерде өндірістік халықтың қоныстануына қарай негізделеді, себебі қазіргі уақытта халық орналастырудың негізгі факторы болып табылады.
- Әлемнің ірі кеңістіктерінде кездесетін елді мекендер алуан түрлі болып келеді және нақты түрде мөлшерлері, функциялары, табиғи және территориалды ерекшеліктері, жобалануы бойынша, материалдық жағдайы және т.б. қасиеттері бойынша бір-бірінен ерекшелінеді. Осы айтылған параметрлер бойынша елді мекендердің классификациясын жасауға болады.

Қоныстанудың негізгі формалары

Көшпелі және жартылай көшпелі қоныстану.

- Бұл форма көбіне әлемдегі ондаған млн адамға ғана тән, олар көбіне Африканың солтүстігінде орналасқан шөлді және шөлейтті жерлерінде және Орталық Азия жерлерінде таралған.
- Қоныстанудың осы формасымен тұратын адамдар тобы көбіне мал шаруашылығымен айналысып, таулы және жазықтықты жайлау жерлерін белгілі бір мезгіл бойынша пайдаланды.
- Елдердің көбісінде көшпелі және жартылай көшпелі қоныстанумен тұратын халық қазіргі кезде отырықшылыққа көшіп жатыр. Мысалы, Ресей жеріндегі жылқы шаруашылығы бағу тәсіліне ауысуда, яғни енді мал бағу бақташылар тобы арқылы жүзеге асатын болады.

Отырықшы қоныстану

- Топтық (ауылдық және қалалық) және дисперсиялық (аграрлық және қызметтік елді мекендер) қоныстанудан тұрады.
- Ауылдық және қалалық болып бөлінуінде өзінің ашылмаған нәрселері көп.
- *Қала – халқы ауыл шаруашылығымен түк байланысы жоқ қызметтің басқа салаларымен айналысатын ірі қоныстанған пункт болып табылады.*
- Қаладағы *халықтық критерий* Данияда 200 адам айналысында тұрақталады, мұнда көбінесе хуторлық қоныстану таралған, ал Қытай елінде 100 мың адам шамасында. АҚШ елінде адамдардың бастапқы қоныстану саны 2,5 мың адамнан басталады.
- Әлемдегі қалаларды бөліп қарастыру үшін *административті критерий* (Алжир, Эквадор) пайдаланылады.
- Революцияға дейінгі Ресейдегі барлық административті орталықтар (уездтік, губерниялық) олардың өлшеміне немесе ондағы халық қызметіне қарамастан қала болып саналды. Ал административті функцияларды атқармайтын ірі қалалар, мысалы, Иваново, «штаттық емес» деп айтылды.

- Дүние жүзінде қалаларды бөліп қарастыру үшін басқа да критерийлер де қолданылды, мысалы, *қоныстану тығыздығы немесе құрылыс тығыздығы*. Олай болатын болса, Жапонияда қала деп халық тығыздығы шамамен км² -на 4 мың адам болып, ондағы халық топталуы 50 мың адам шамасында болатын қоныстанған пункттерді атайды.
- Кейбір дамушы елдерінде (Замбия, Индонезия, Перу) *қала белгілері* дейтін жаңа критерийлер енгізілген. Яғни ол критерий материалдық жағдай мен белгілі бір өмірге қолайлы шарттардың (жабдықталған көшелер, электр тогының болуы, канализация, мәдени-тұрмыстық мекемелердің желісі) болуы деп түсіндіріледі.

Ауылдық мекендердің географиясы

- Ауылдық елді мекендердің нақты және толық сипаты жоқ. Олай болатын болса, *ауылдық елді мекендер деп қалалық елді мекендердің критерийлеріне сәйкес келмейтін барлық елді мекендер жатады.*
- Олай болатын болса, ауылдық елді мекендерге мемлекеттің барлық өндірістік, транспорттық, орман шаруашылығымен айналысатын және де санаторий, демалыс үйлерінде және насосты станцияларда, орман мектептерінде және ғылыми саладағы объектілерде пайда болған жұмыстық ауылдардың барлығы да жатады. Сонымен қатар дисперсиялық қоныстануға (латынша dispersis- «таралған») бірлік құрылыстардың жалпы массасы жатады: жолдық өтушілердің үйлері, орман күзетшілерінің үйлері, маяк қарайтындардың үйлері және т.б.
- Дүние жүзіндегі ауылды елді мекендердің саны бойынша нақты деректер жоқ, себебі әлем бойынша ауылды елді мекендердің нақты саны анықталмады. Жалпы түрде олардың санын 12-20 млн шамасында деп санап жүр.
- Ауылды елді мекендерді функционалдық жағынан ауыл шаруашылықты, ауыл шаруашылықты емес және аралас деп бөлуге болады.
- Ауыл шаруашылықты елді мекендерге негізгі қызметі ауыл шаруашылық және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру болып саналатын елді мекендерді жатқызуға болады. Жердегі ауылды елді мекендердің көбісі ауыл шаруашылығымен айналысады. Сондықтан да ауылды елді мекендердің басым бөлігі ауыл шаруашылықты емес саламен айналысатын елді мекендер жатады. Олардың дамитын елдердегі жалпы үлесі 30 дан 70 % шамасында болатын болса, дамушы елдерде – 100%. Біздің елде ол көрсеткіш шамамен 50 %.

- ▣ Ауыл шаруашылықты елді мекендерге негізгі қызметі ауыл шаруашылық және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру болып саналатын елді мекендерді жатқызуға болады. Жердегі ауылды елді мекендердің көбісі ауыл шаруашылығымен айналысады. Сондықтан да ауылды елді мекендердің басым бөлігі ауыл шаруашылықты емес саламен айналысатын елді мекендер жатады. Олардың дамитын елдердегі жалпы үлесі 30 дан 70 % шамасында болатын болса, дамушы елдерде – 100%. Біздің елде ол көрсеткіш шамамен 50 %.
- ▣ Ауылшаруашылық емес елдік мекендердің тұрғындары қоныстану пункттерін рекреационды жақтан қамтамасыз етеді (алдымен қалалықты), сонымен қатар қорық және қорғау зоналарында табиғи қорғау функцияларын қамтамасыз етеді. Бұл елдік мекендер маятникті мигранттар қалаларында жұмыс жасайтын адамдардың негізгі тұратын жерлері болып табылады.
- ▣ Үшінші функционалдық топты құрайтын **аралас** ауылдық елді мекендерге біріншіден, аграрлы-индустриалды елді мекендер; екіншіден, жергілікті әкімшілік және мәдени-тұрмыстық функцияларды атқаратын елді мекендер; үшіншіден, тұрақсыз мигранттардың үлес салмағы көп мигранттар орналасқан қала шетіндегі елді мекендер жатады.

Жоғарыдан аталғаннан басқа, ауылдық елді мекендер басқа да ерекшеліктері бойынша жіктеледі.

- Су жүйелерінің және т.б рельефтің жекелеген элементтеріне байланысты **топографиялық жағдайларға** жіктеледі. Ресейдің Еуропалық бөлігінің солтүстігінде **өзен бойындағы** елді мекендер көп, өзендер ерте заманнан бері хабар жеткізу пунктарының ролін атқарды.
- Өзен аңғарларында ауыл шаруашылығына жарамды жерлер орналасқан. Орман зонасының территориясында жердің **суайрықты** типі көптеп кездеседі: оның оңтүстік жағында орналасқан жерлері жақсы қызуға бейім және өнімділігі жоғары.
- Орманды-далалы және далалы елді мекендер өзен аңғарларында орналасқан. Тау аңғарлары мен тауаралық ойыстардағы қолайлы жағдайларға байланысты таулы аудандарда елді мекендердің аңғарлық түрлері басым.
- Су жүйелерінің және т.б рельефтің жекелеген элементтеріне байланысты **топографиялық жағдайларға** жіктеледі. Ресейдің Еуропалық бөлігінің солтүстігінде **өзен бойындағы** елді мекендер көп, өзендер ерте заманнан бері хабар жеткізу пунктарының ролін атқарды.
- Өзен аңғарларында ауыл шаруашылығына жарамды жерлер орналасқан. Орман зонасының территориясында жердің **суайрықты** типі көптеп кездеседі: оның оңтүстік жағында орналасқан жерлері жақсы қызуға бейім және өнімділігі жоғары.
- Орманды-далалы және далалы елді мекендер өзен аңғарларында орналасқан. Тау аңғарлары мен тауаралық ойыстардағы қолайлы жағдайларға байланысты таулы аудандарда елді мекендердің аңғарлық түрлері басым.

Ауылдық елді мекендер генезис бойынша классификациялануы

- Ауылдық елді мекендер **генезис** бойынша да (шығуына байланысты) классификацияланады. Русьта ауылдық жерлер деп князьдың орналасқан қала шетіндегі иеліктері аталды. Кейін олар ауылдық жерлер үшін орталық рөлін атқарған шіркеулері мен дүңгершіктері бар, салыстырмалы түрде көп халқы бар ауылдық елді мекендерге айнала бастады. Ауылдар (деревнялар) («драть» етістігінен, жерді орманнан тартып алу немесе тыңды игеру деген мағынаны береді) шағын территориясымен ерекшеленеді, онда шіркеулер мен дүңгершіктер болған жоқ.
- Олардың басым бөлігі Еуропалық бөліктің орталығында шағын елді мекендер, Еуропалық солтүстікте **починкалар** («почин» сөзінен – бастама деген ұғымда), Сібірде **заимкалар** ретінде пайда болды. Сақтау қоймалары және шіркеулері бар елді мекендер ертеректе **погостолар** деп аталды (ертеректе бұл жерлерге ірі қонақ-көпестер келіп сауда жасаған).
- **Хуторлар** деп шаруалардың тұратын мекендерін атайды. Ресейдің оңтүстік бөлігіндегі ірі мекендерді казактардың **станицалары** құрайды.
- Елді мекендердің жоспарланған формалары табиғи зоналар бойынша **сызықтық** (солтүстіктегі өзен бойындағы елді мекендер), **біріккен** және **кварталды** (оңтүстікте) формаларының сипаттамалық түрлерін жасайды.
- Елді мекендер **құрылыс материалдары** бойынша да жіктеледі: орман зонасында – ағаштан жасалынған үйлер, ал даладық елді мекендер мен
- оңтүстікке қарай – шикі және күйдірілген кірпіш, саз, тастан жасалынған.
- Ерекше формаларымен **қыстаулар** мен **жайлаулар** ерекшеленеді. Төрт түлік малды өсіретін аймақтардағы мал өсіру және мал азығын дайындаумен айналысатындар үшін уақытша мекендер болып табылады. Мысалы, Башқұртстан жерлері.

Қалалық елді мекендер және оның географиясы

- Қалалар адамдар артық өнім шығарып, өзінен артық қалған жағдайда оны сатуға мүмкіндік туғандағы адам дамуының тарихи кезеңінде, яғни I революция (ауылшаруашылық революциясы) нәтижесінде пайда болды. Бұл жағдай жер өңдеудің дамуымен, жануарларды қолға үйретумен, техникалық құралдарды ауыл шаруашылығына енгізумен, дөңгелектің ойлап табылуымен, металл өнімдерін, соқа, кеме және т.б қолданумен тығыз байланысты.
- Алғашқы қалалар ирригационды жер өңдеуге негізделген, ежелгі өркениет дамыған Үнді, Ніл аңғарларында және Тигр мен Евфрат қос өзен аралығында пайда болды. Ежелгі өркениеттің ірі қалалары: Сузы және Вавилон, Афина мен Спарта, Троя мен Карфаген, ежелгі Рим және т.б.
- Ең халқы көп қалалар болып құл иеленушілердің көптеп жиналған жерлері болды. Үнді аңғарындағы ежелгі қалалар мен Тигр мен Евфрат қос өзен аралығындағы шумерлік қалаларда, археологиялық деректер бойынша, 7-20 мыңнан астам халық тұрған. Вавилон өзінің өркендеу кезінде 80 мың халқы бар ірі қала болған, ал Ежелгі Римнің халқы 700 мыңға дейін жеткен.
- Орта ғасырларда қалалар мүлдем пайда болған жоқ, қалалардың өсуі X-XI ғасырдан XIV-XV аралығында басталды, сауда мен қолөнердің пайда болуымен түсіндіріледі. Қалалардың өсуі өндірістік революциядан кейін басталды, ал қарқынды түрде өсуі «ғылыми-техникалық революция» барысында «урбандалу» феноменімен қатар XX ғасырдың ортасынан басталды.
- Қала халқының саны жер халқының санының жартысын құрайды, дамушы мемлекеттерде қала санының артуымен халық саны да артып келеді. Дүние жүзінде 100 мыңнан астам тұрғыны бар қалалар саны 2,5 мыңнан асады, оның 200-ден астамы «миллионер» қалалар.

- Қалалармен қатар территориялық тұтастықтармен функционалды өзара байланысқан **орналасу жүйесі** деген де ұғым бар. Бұл термин бұрыннан қолданылып келеді, ол шағын ауылдық мекендер (әкімшілік облыстар мен аудандар) мен салалы жүйелерден (мысалы, ағаш өндірісіне бағытталған мекендер) бастап қалалық мекендерге дейінгі барлық территорияларды қамтиды. Бұл жүйеде қалалар жүйедегі рангтелген орны бойынша, көлемі, тұрғындар саны және т.б. функциялары бойынша жіктеледі. Орналасу жүйесінің саны мен түрлері көп: өндірістік, ұйымдастыру-шаруашылықтық, әкімшілік, еңбектік, оқулық, мәдени-тұрмыстық, ақпараттық.
- Орналасу жүйесін зерттеу бұрыннан жүргізіліп келеді. Нарықтық оптимизацияны қарастыратын В.Кристаллер мен А.Лешаның **орталық орындардың теориясы** деп аталатын теориясында түрлі рангтерді орналастыруда әкімшілік және транспортты құрылым ескеріледі.
- Халық санының бастапқы мөлшері жоғарыда аталып кетті. Ресейде қалалардың төмендегідей классификациясы кеңінен таралған: шағын қалалар – 20 мың тұрғыны бар, орташа қалалар – 20 мен 100 мың арасы, үлкен қалалар – 100 бен 500 мың арасы, ірі қалалар – 500 мың, ал ең ірі қалаларда тұрғындардың саны 1 млн.нан астам. Зерттеулердің нәтижесі бойынша, қалалардың сан бойынша топталуы, олардың сапалық ерекшеліктерінің нәтижесі болып табылады. Мысалы, 100 мыңнан астам тұрғыны бар қалаларда функционалдық құрылымда өндірістің рөлі төмендейді, ал миллиондық тұрғыны бар қала метрополитен атты транспортты қажет етеді.
- Басқа қалалармен салыстырғанда, «миллионер» қалалар тез қарқынмен өсуде, бұл жағдай кез келген мемлекеттің «урбандалу» деңгейін көрсетеді. 1900 жылдары олардың саны әлемде тек 10, ал Ресейде 2 болса, қазіргі кезде олардың саны 200, ал Ресейде 13.

- Әлемдегі ірі астаналық орталықтар, яғни ірі қалалардың халық саны төмендегідей млн. адамды құрайды: Мехико – 25, Пекин – 11, Буэнос-Айрес – 10, Токио – 20, Париж – 10, Лондон – 10, Сеул – 13, Каир – 10, Мәскеу – 10.
- Аталған қалалардың халық саны, Мәскеуден басқасы, қала маңындағы халық санын қосқандағысымен бірге есептелген. Ал Мәскеу халқының саны оған бағынышты қалалық типтегі елді мекендерді (Зеленоград және қала типтес 7 елді мекен) қосып есептегенмен бірге алынады. Егер Мәскеуді оған қоса қала маңындағы мекендермен есептеген жағдайда Мытищи, Химка, Балашиханы қосамыз. Бұл жағдайда жалпы халық саны 11-12 млн. адам болады. Осылайша Мәскеу әлемдегі ірі қалалар қатарына енеді, тек Мехико мен Токиоға орын береді.
- **Қалалардың функциясы – қалақұрылымдаушы (базалық) саладағы халықтың өндірістік қызметі сыртқы әлеммен (аудан, мемлекет) байланысқа негізделген.** Бұл қызметті қаланың мамандығы деп те атауға болады. Мысалы, білетініміздей, Детройт (АҚШ), Нижнекамск және Тольятти автомобиль жасау орталықтары болып табылады, ал Дюнкерк (Франция), Одесса (Украина), Владивосток, Мурманск; Кембридж (АҚШ-та да, Ұлыбританияда да), Хайдель (Германия) атты портты қалалар ірі транспорт орталықтары болып табылады, ғылыми орталықтар – Дубна, діни орталықтар – Варанаси (Үндістан), Мекке (Сауд Арабиясы); музей-қалалар: Дубровник (Хорватия), Суздаль; рекреациялық орталықтар: Баден-Баден (Германия), Инсбург (Австрия), Кисловодск және т.б.
- Кейбір қалалар өндірістік емес салаларға, яғни ғылыми-техникалық салаларға маманданған (Дубна, Королев, Пущино, Реутов, Химки), сонымен қатар рекреационды қалаларда (Звенигород) бар.
- Транспорттық функцияға негізделген қалалардың мысалына Лобно мен Ожерельені келтіруге болады. Бұл қалаларда халықтың 70-80%-ы транспорт саласында қызмет атқарады.

- Қалақұрылымдаушы салалармен қатар қалаларға қызмет көрсетуші салалар да бар.
- **Қалаларға қызмет көрсетуші салалар – өнімдері негізінен қала тұрғындарының сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған салалар: ішкі қалалық транспорт, тігін өндірісі, бөлшек сауда.**
- Қала тұрғындарын қамтамасыз ететін өнім үлесін анықтау мүмкін емес.
- **Қалалардың генезисі** – бұл олардың пайда болуының, экономикалық географиялық жағдайының, жоспарлауының, функциясының генезисі. Қалалардың пайда болуының уақыты мен себептері, тарихи ерекшеліктерінің сақталуы туралы мәліметтер беріледі.
- **Қалаларды жоспарлау, олардың орналасу деңгейі.** Қазіргі заманғы еуропалық қалалар ескі орталықтары мен шеткі жаңа бөліктерінің болуымен ерекшеленеді. Американдық қалаларға коттеджді құрылымдардың болуы және ірі қалалардың («Сити») шаршылық жобалау ерекшеліктері (автомобиль қозғаласына ыңғайлы) тән. Ал Азиялық қалалардың көпшілігі аз қабатты ғимараттармен ерекшеленеді. Араб және Латын Америкасы мемлекеттерінде қала шетінде биндонвилдер деп аталатын лашықтардың көп болуы байқалады.

Урбандалудың қазіргі заманғы формалары

- ▣ Урбандалу (латын тілінен *urbus* – «қала») – қалалардағы халық пен өнімнің концентрациясы, сонымен қатар қалалық өмір сүру образының таралуы.
- ▣ Урбандалу – халық өмірінің барлық салаларын (демографиялық, әлеуметтік, экономикалық) қамтитын күрделі процесс. Урбандалудың негізгі көрсеткіші қала тұрғындарының санының артуы және барлық тұрғындарға шаққандағы үлесінің артуы болып табылады. Ал ауылдық жерлерге қаланың өмір сүру образының таралуы *рурбанизация* (ағылшын тілінен *rural* – «ауылдық») деп аталады, ол қала маңындағы зоналарда кеңінен таралған.
- ▣ Қала халқының жоғарғы көрсеткіштері дамыған мемлекеттерге тән: АҚШ-та 75%-дан астам, Ұлыбритания, Жапония, Швеция, Германия (94%). Азия мен Африканың дамушы мемлекеттерінде бұл көрсеткіш төмен (11-14%). Ауғаныстан, Эфиопия, Египет пен Түркияда 45%-ға дейін. Ал Ресейде қала халқының саны 73% құрайды.
- ▣ Қазіргі заманғы урбандалуға ірі қалалардың қала маңындағы мекендермен, яғни қала агломерацияларымен қосылуы тән.

- **Қала агломерациялары – өндірістік, әкімшілік, еңбек, мәдени-тұрмыстық байланыспен территориялдық жүйеге біріккен қалалардың жиынтығы.**
- Англияда бұл жиынтық конурбация (латын тілінен «con»-бірге, «urbus»-қала), АҚШ-та метрополис (грек тілінен «metropolis» – басты қала, астана) деп аталады. Қала агломерациясының құрамын екіге бөліп көрсетеді: басты қала (агломерация ядросы) және оны қоршайтын қалалар. Бұл агломерацияларды моноорталықты деп атайды (мысалы, Мәскеулік). Егер орталық қалалар бірнеше болса, оларды полиорталықты деп атайды (мысалы, Кузбасс, оның құрамына: Новокузнецк, Киселевск, Прокопьевск, Белово).
- Моноорталықты агломерациялардың территориясы сәулелері бар теңіз жұлдызшасы тәрізді, яғни бұл транспортты бағыттарды көрсетеді. Мәскеу агломерациясында олардың саны – 11, ал Екатеринбургте – 6. Ал көлдер мен жағалаулардағы агломерациялардың формасы шығыңқы болып келеді (Волгоград, Пермь). Агломерацияларға орталық пен периферия арасындағы тұрақсыз жұмыс миграциясы тән. Мысалы, Мәскеу агломерациясында, Мәскеуге күніне облыстан жұмысқа 700 мың адам келсе, Мәскеуден облысқа 200 мыңы кетеді.

АҚШ-тың ірі мегалополистері

№ р/с	Мегаполис атауы	Құрамындағы агломерациялар саны	Халық саны, млн.адам	Территория ауданы, мың. км ²	Қашықтығы
1	Босваш	40	45	100	800
2	Чипитс	35	35	160	900
3	Сан-Сан	15	18	100	800
	Барлығы	90	98	360	2500

- Дамыған мемлекеттің агломерациясында **субурбандалу**, яғни агломерация мен қала орталықтарымен салыстырғанда, халық саны мен қала сыртындағы елді мекендердің санының арту процесі байқалады. Оған бірнеше себептер бар: орталықтағы жер учаскелерінің бағасының артуы, соған сәйкес тұрғын үй бағасының қымбаттауы, қоршаған ортаның нашарлауы, транспорттың шектен тыс көбеюі. Агломерация орталықтары маргиналды халықтың мекендеу ортасына айналып отыр (мысалы, АҚШ-та негрлер, мексикандықтар, пуэрторикандықтар). Халықтың қала шетіне көшуі өндірістің де сол жаққа көшкендігін көрсетеді.
- Дамыған мемлекеттерде агломерациялық үрдістер одан әрі тереңге кетуде – жеке агломерациялар бірігіп **мегаполистер** құрауда (грек тілінен *megalu* – «үлкен», *polis* – «қала»). АҚШ-та мұндай үш мегаполис бар: Солтүстік-Шығыстық немесе Атлантикалық («Бостваш» - агломерациялардың шеткі қалаларының Бостон Вашингтон атауына байланысты), оның ені 200, ал ұзындығы 1000 шақырымды құрайды, халық саны – 50 млн.нан астам. Көл жағасындағы («Чипиттс» - Чикаго және Питсбург) – 40 млн. адам. Тынықмұхиттық («Сансан» - Сан-Францискодан Сан-Диегоға дейін) – 20 млн. адам.
- Ал әлемдегі ең ірі агломерация «Токайдо» (Токио – Кобе) болып табылады, онда халықтың жартысы, яғни 60 млн. адам тұрады.
- Батыс Еуропада да мегаполистер, бар алайда олардың көлемі шағын болып келеді. Англияда Лондон, Бирмингем, Ливерпуль, Манчестер агломерациялары бірігіп, шамамен 35 млн. халқы бар мегаполисті құрайды. Мемлекетаралық мегаполиске Францияның солтүстік аумағын, Бельгия, Нидерланды, Германияның Рейн бойы аумағын қамтитын Париж, Амстердам, Кельн мегаполисі жатады. Осылайша урбандалудың жаңа формалары – ауылдық мекендер мен қалалардың шекарасы айқын көрінетін территориялар, зоналар пайда болады.